

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№25 (138) ЖҰМА

18 шілде 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

ҰЛЫТАУДАҒЫ ТОҒЫЗ КӘСІПОРЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨРМЕГЕ ҚАТЫСАДЫ



Жезқазған қаласында Қазақстан Республикасының Президенті бастамасымен ұйымдастырылған «Қазақстанның үздік тауары», «Алтын сапа» республикалық байқау-көрмесінің және «Бір ауыл – бір өнім» мемлекеттік бағдарламасының Ұлытау облысы бойынша аймақтық кезеңі өтті. Іс-шараны Ұлытау облысының әкімдігі мен Ұлытау облысы Кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырды.

Жалғасы 8-бетте



• ТҰСАУКЕСЕР

«ПАРАСАТТЫ ПАЙЫМ» КӨРЕРМЕННЕН ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Жас ақын, журналист, ҚР Журналистер одағының мүшесі, «Алтын сұңқар», «ULAR» сыйлықтарының лауреаты Мұқағали Сейтқазының телеарнадағы «Парасатты пайым» айдарымен берілген сұхбаттар жинағы кітапқа айналды. Өткен аптада «ULYTAU» облыстық телеарнасының ғимаратында кітаптың тұсаукесері болып өтті.

2021 жылы алғаш рет тұсауы кесілген телевизиялық сұхбат түріндегі жоба табаны күректей төрт жыл бойы көрермендері асыға күтетін хабарға айналды. Мұқағалидың бұл жобасы журналистер арқсында 2023 жылы өткен «Алтын сұңқар», 2025 жылғы «ULAR» байқауының жеңімпазы атанды.

Авторды құттықтауға, тұсаукесер рәсіміне жиналған көпшілік арасында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Е.Сатыбалдин, ҚР Ақпарат саласының үздігі А.Рахұлы,

Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары Д. Мұхан, «ҚР Журналистер одағы Ұлытау облысы филиалының төрағасы Э. Алпанбаева, «ULYTAU» облыстық телеарнасының креативті директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Б.Үмбетова және т.б. болды.

«Бұл кітап – Ұлытау облысы журналистикасына қосылған сүбелі еңбек деп бағалаймыз» - деді олар құттықтау лебіздерінде.

Баласы атқа шапса үйінде отырып тақымын қысатын қазақ

емеспіз бе? Мұқағалиды елдің алдында оның әкесі, танымал айтыскер Мұқаш Сейтқазыновтің құттықтауы көпшілікке ерекше жылы әсер қалдырды.

Кітап авторы шығармашылық әріптестеріне, демеушілерге өзінің шынайы алғысын жеткізді.

Демеушілер қатарында Сәтбаев қаласының белгілі кәсіпкері Меруерт Бақбергенованың болғанын мақтанышпен айтуға болады

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ



ҚҰРМЕТТІ СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Біз сіздерді «Үздік Аула 2025» байқауына қатысуға шақырамыз! Байқауға көпқабатты үйлердің аулаларын көгалдандыратын, тұрғын үйлердің сыртқы аумағын абаттандыратын қала тұрғындары, МИБ өкілдері қатыса алады.

Толық ақпарат: - 8(71063)3-77-76

«Сәтбаев қалалық тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы» ММ

ДОРОГИЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САТПАЕВ!

Мы приглашаем вас принять участие в конкурсе «Лучший двор 2025»! В конкурсе могут принять участие жители города, представители МИБ, озеленяющие дворы многоквартирных домов, благоустроившие наружную территорию жилых домов.

Полная информация:- 8(71063)3-77-76

ГУ «Отдел жилищных отношений и жилищной инспекции города Сатпаев»

► ДЕНСАУЛЫҚ – БАР БАЙЛЫҚ

Д.Е САНАТЫНДАҒЫ АДАМДАР МӘМС ШЕҢБЕРІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ

Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіндегі бірқатар негізгі жаңалықтарды көздейтін заң қабылданды.

Қабылданған заң шеңберінде 2026 жылы МӘМС жүйесі жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен дағдарысты және шұғыл әл-ауқат деңгейі (Д және Е санаттары) бар 1 миллионға жуық адамды қосымша қамтитын болады.



Бұл табысы төмен ҚР азаматтарының тағы 5%-ы МӘМС есебінен жоспарлы медициналық көмекке қол жеткізе алатынын білдіреді.

Халықтың осы санаттары үшін жарналар осы азаматтардың медициналық көмекке жүгіну фактісі бойынша жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін болады.

Бұдан басқа, ЖАО-ның жұмыссыздық деңгейін төмендету және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін тікелей жауапкершілігін ескере отырып, ресми тіркелген жұмыссыздар үшін МӘМС жарналарын

төлеуге арналған шығыстар да жергілікті бюджеттерге жүктелетін болады.

Бүгінгі таңда 16,9 млн адам (82,6%) сақтандырылған, оның ішінде 11,9 млн адам (59,5%) халықтың жеңілдетілген санаттарына жатады, олар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Бұл мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

МӘМС жүйесінен тыс 3,4 млн-ға жуық адам қалады, оның ішінде 2,4 млн-ы жағдайы жақсы және қанағаттанарлық өмір сүру деңгейі бар азаматтар, ал 1 млн-ға жуығы — әлеуметтік әл-ауқаттың дағдарыстық (Д) және шұғыл (Е) деңгейлеріне жататын азаматтар.

2,4 млн. адам еңбекке қабілетті жастағы азаматтар тобындағы адамдар үшін сақтандыру жүйесіне кіру жеңіл әрі ауыртпалықсыз болып қалады:

Айына 4250 теңге немесе жылына 51 000 теңге.

2027 жылдан бастап Қазақстан барлық тараптардың — мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ортақ жауапкершілігінің барынша жоғары дәрежесімен толыққанды сақтандыру моделіне көшуді жоспарлап отыр.

Бұл шаралар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте бекітілген ортақ жауапкершілік қағидаттарын іске асыруға және азаматтың әлеуметтік жағдайына қарамастан медициналық көмекке әділ қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Енді ең әлеуметтік осал азаматтар медициналық көмекті кедергісіз ала алады».

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ

2025 жылдың ақпан айында Сәтбаев қаласында республикалық маңызға ие индустриялық аймақ құрылды. Басқарушы компания ретінде «Ұлытау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы белгіленді. Жалпы аумағы 12 гектарды құрайтын аймақты 38 гектарға дейін кеңейту мүмкіндігі бар.

Қазіргі таңда индустриялық аймақтың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жүргізу үшін жалпы құны шамамен 872 335 мың теңгеге жобалық сметалық құжаттама әзірленді. Екі жоба абаттандыру және жолдардың жобалық сметалық құжаттамасы түзетуге жіберіледі.

Аймақ аумағында электр, жылу, су және кәріз жүйелері, қатынау жолдары, сондай-ақ ұзындығы 1,7 км болатын теміржол түйығы қарастырылған. Индустриялық аймақ қатысушылары үшін жерді аукционсыз жалға алу, дайын

инфрақұрылым, қолайлы логистика, «бір терезе» қағидаты бойынша толық сүйемелдеу және кәсіби басқару сияқты кешенді қолдау шаралары ұсынылады.

Аймақта жұмыс жүргізуге бірнеше компания ниет білдіріп отыр. Тізбектер шығаратын зауыт, шар шығаратын, сонымен қатар, қорғасын шаңынан дайын өнім шығаратын қытай компаниясы алғашқылардың бірі болып жұмыстарын бастайды. Жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері зор: өңірде 100-деген жұмыс орны

ашылады, импортты алмастыратын өндірістер іске қосылады, негізгі капиталға шамамен 5 млрд теңге инвестиция тартылып, жыл сайын 1 млрд теңгеден астам салық түсімі қамтамасыз етіледі.

Бұл жоба Сәтбаев қаласының экономикасын әртараптандыруға, өндіріс белдеуін қалыптастыруға және өңірдің логистикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді

**Сәтбаев қаласы
әкімінің баспасөз
қызметі**

► АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«ОТБАСЫЛЫҚ ФЕРМА» ЖОБАСЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Еліміздің ешбір өңірде бұған шейін қолға алынбаған тың жоба облысымызда жүзеге асатын болады. Бұл жоба өңірдегі шаруашылықтарды біріктіру арқылы жүзеге асырылмақ.



Жоба аясында 6 000 бас асыл тұқымды ірі қара және 12 900 бас асыл тұқымды қой сатып алынады, 2 000 бас жылқы күтіп бағылмақ.

Жобаның инфрақұрылымын дамытуға облыстық бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлінді. Қаражат шопандарға тұрғын үй салу, мал ұстауға арналған қора-жайлар тұрғызу, сумен және электр энергиясымен қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ жобада малды бордақылау, Сою цехы, Бие сүтін өңдеу, Вакуумдалған ет өнімдерін шығару сияқты толық өндірістік цикл көзделген: Жобаны жүзеге асыруға облыстың 6 ауылдық округі, 100-ге жуық уақытша және 22 тұрақты жұмысшы, 34 шаруа қожалығы және 2 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі қатысады.

Негізгі мақсаттарының бірі — өңірде ашылып жатқан бордақылау алаңдарын малмен тұрақты және уақтылы қамтамасыз ету, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде едәуір септігін тигізу, ішкі нарықты құнарлы мал азығымен қамтамасыз ету және берік жемшөп қорын қалыптастыру, қой басы санының ұлғаюына және импорт тәуелділігінің азаюына оң әсерін тигізу, ірі және ұсақ шаруаларды біріктіру арқылы бәсекеге қабілетті орта қалыптастыру.

Аталған жобалар мал шаруашылығы саласының дамуына, мал бас санының өсуіне және оны терең өңдеуге арналған кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз етуге оң әсерін тигізеді.

**Обләкімнің баспасөз
қызметі**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

► 20 ШІЛДЕ – МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

БОЛАТ БАЛҚЫТУШЫ ШЛЕХТ

ҚАЗАҚПЕН БАУЫРЛАСЫП ӨСКЕН

Жезқазған құю-механикалық зауытының болат балқытушысы Александрмен осыдан 10 жыл бұрын танысқан едім. Қазіргі «AMANAT» партиясы филиалының ғимаратында кезекті бір форум өтіп жатқан кез болатын. Мінберге шыққан шешендер екі тілде де еркін көсілуде. Кенет сөз кезегін алған Александр Шлехт атты металлург жігіттің өз сөзін қазақша мүдірмей, айқын да анық жеткізе білгені назарымызды бірден аударғаны. Осы жағдайдан соң-ақ Александрмен кездесуге асыққан едім. Кейін жақын таныс болып кеттік.

Әңгімелесе келгенде Саша қазақша жөн-жобаның барлығын жақсы білетін жігіт болып шықты. Бұрынғы Ақадыр, қазіргі Шет ауданына қарасты Еркіндік ауылында 1983 жылы дүниеге келіпті. Нағашы атасы Владимир Шлехт сол уақыттағы Өспен кеңшарының айтулы комбайншысы ретінде еселі еңбегімен елге сыйлы болған. Сталиндік қуғын-сүргін кезінде Поволжье өңірінен еріксіз қоныс аударып, қазақ жеріне келіп пана тапқан неміс отбасыларының бірі көрінеді. Оны «неміссің» деп, ешкім кеудеден итеріп, шеттеткен жоқ. Су ішкен жерінің намысын жыртып, өзі де қазақ ауылына сіңісіп кетіпті. Қазақша сөйлегенде түбін түсіретін ол ауылда «Володя атай» атанып, жергілікті тұрғындармен бірге араласып, біте қайнасып бертінде ғана өмірден өтіпті. Жергілікті халықпен татутәтті араласқаны соншалық, қазақпен құда болып шыға келген. Қызы Лиза сол ауылдағы Мұхамедғали Қосылбеков деген азаматқа тұрмысқа шықты. Саша ол кезде үш жаста болыпты. Атасының еркесі болып, сол кісінің ата-тегіне жазылып Шлехт атанған ол анасымен бірге енді қазақ жанұясының бір мүшесіне айналады.

Теміржол дистанциясында жолшы болып істейтін Мұхамедғали жұбайының соңынан еріп келген бала-

ны жатсынбады, бауырына басты. Жас сәбидің жолы да құтты болды. Соңынан қарындасы Анжела, тағы бір екі-үш жылдан соң інісі Дастан туып, базарлы үйге айналды. Лиза Қосылбекова ұлты неміс демесеңіз, қазақтың салт-дәстүрінен шықпайтын, абысын-ажындарымен тату, ауылдың ибалы келіндерінің бірі болды. Ол әкесі Владимир Шлехт өмірден өткенде, марқұмды мұсылмандық жолмен мешіттен шығартыпты.

Александр осылайша қазақ отбасының тәлім-тәрбиесін алып ержетті. Мұхамедғалиды «әкем» деп өсті. Еркіндіктегі орта мектепті бітірген соң Қарағанды сұрыптау станциясындағы № 21 кәсіптік-техникалық училищеде оқып, станция кезекшісі мамандығын алған еді. Бозбалаға ауылда жұмыс табыла қоймады. Амалсыз қалаға бет түзеді. Жезқазғандағы құю-механикалық зауытында 2007 жылдан бері болат балқытушы болып еңбек етеді. Абыройсыз емес. Кәсіби мамандық үздіктерін анықтаған байқауда Александр Шлехт металл балқыту бойынша бірінші орынды жеңіп алды. Қазірде ол VI-шы разрядты аға балқытушы. Зауыт, фабрика, шахта жабдықтарын әзірлеу бойынша түскен тапсырыстардың уақытылы, әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. «Қазақмыстың» ең үздік жас еңбеккері» атағына ие болып, арнайы грамотамен ма-



рапатталды. 2017 жылы ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісіне ие болды.

Айтпақшы, балқытушы металлург Шлехт қазір халық қалаулысы. Ол 2023 жылғы наурыз айындағы сайлауда №11 сайлау округі бойынша Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты болып сайланды. Содан бері қоғамдық жұмыспен айналысуға да уақытын бөліп, учаскедегі сайлаушыларымен жиі кездесіп тұрады. Олардың тарапынан көбінесе жол, аулаларды абаттандыру, балалардың ойын алаңы, жарықтандыру мәселелері бойынша өтініштер айтылады. Депутат тұрғындардың осы тілектерін атқарушы билік органына жеткізіп, олардың жүзеге асуы бойынша жұмыстар жүргізеді.

Сонымен қатар әр айдың белгіленген күндерінде сайлаушыларды жеке мәселелері бойынша қабылдап, көтерілген мәселелерді шешу жолдарын қарастыруда да сергектік танытып жүр.

Саша құю зауытындағы өз мамандығына дән риза. Мемлекет басшысының биылғы жылды Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жариялауы өндірістегі еңбек адамдарының мерейін өсіре түсуде. Озат балқытушы «Қазақмыс» компаниясына қарасты іргелі кәсіпорында өзіне ұнаған мамандық түрін еркін таңдап, еселі еңбек етіп жүргенін мақтан тұтады. Ол Жезқазғанда өз бақытын тауып, үйлі-баранды болды. Келіншегі Виктория орыс қызы, Александрдың арқасында қазақша сөйлемесе де толық түсінетін халге жетіпті.

— Түбінде сөйлейді ғой, қайда барар дейсіз. Жалпы, еліміздің Конституциясы бойынша әркім өзінің қай ұлтқа, қай дінге жататынын өзі анықтайды. Ана тілі мен төл мәдениетін еркін таңдап алуға да құқығы бар. Алайда, мен үшін қазақ тілі ерекше ыстық. Қызымыз Элина орыс мектебінде оқығанымен, қазақшаға судай. Биыл 11 жылдықты бітіріп, медколледжге түсуге дайындалуда. Кішіміз Владислав та солай. Ол 9-сыныпқа көшті. Олар көбінесе ауылдағы ата-әжесіне барғанды қалайды. Қазір Владислав ауылда, шалдың бауырында, — дейді Александр ақырын жымып.

Мен оған «ақыры өгей әкең қазақ екен, руын білесің бе» дедім әзілдеп. «Неге білмеймін, ол кісі Тоқа руынан» дейді ол мүдірместен. Ауылда асық атып, атқа мініп өскен Александрдың жолдастары да Бауыржан Мәскенов, Өсет Әбдірахманов, Сағат Шахаев сияқты ылғый қазақ жігіттері. Кездескенде шұрқырасып қалады. Олармен хабарласып тұрады екен.

Ауылдағы інісі Дастан да осында келіп, құю-механикалық зауытына өзі сияқты металл балқытушы болып орналасқан еді. Кейіннен Қарағандыдағы зауытқа ауысып кетті. Бір анадан туған, бірі — қазақ, бірі неміс бауырлар қайда жүрсе де бір-біріне мейірін төгіп, демеу болып жүреді.

Қазақпен бауырласқан Александрға ерке самалы ескен Еркіндіктің ен даласы, ешбір жанды жат көрмейтін дархан жүректі адамдар тұратын туған ауылы ерекше ыстық. Жұмыстан қолы босаған кезде қаладан ауылға барып, туған үйдің түтінін иіскеп, анасы Лиза мен әкесі Мұхамедғалидың хал-ахуалдарын біліп қайтуға асығып тұратыны бар. Қайтсін енді, кеңпейіл қазақтың бауырында өскен бала ғой.

Амандық РАХҰЛЫ

МЕРЕКЕ КОНЦЕРТІН ТАМАШАЛАҢЫЗДАР!

Құрметті Жезқазған қаласының тұрғындары мен қонақтары!
18 шілде күні баршаңызды Металлург күніне арналған үлкен мерекелік шараларға шақырамыз!

Сағат:- 16:00-19:00 - METALLURG FEST

Өтетін орны: - С. Қожамқұлов атындағы театр алдындағы алаң
Отбасылық ойындар, аниматорлар, тосынсылдар мен көтеріңкі көңіл-күй!

Сағат: - 20:00-23:00 - Мерекелік гала концерт

Өтетін орны: - Алашахан алаңы
Концерт жүргізушілері: - Данияр Жұмаділов пен Айгерім Мұнашова
Қонақ-әншілер: - «Дос-Мұқасан» тобының әншісі Болат Құсаинов, Танымал әнші ADAM – сүйікті хиттарымен

Металлургия - біздің мақтанышымыз!
Ал, бұл күн - сол еңбектің салтанаты!
Келіңіздер, бірге тойлайық!

► ЖАЗУШЫ СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА -125 ЖЫЛ

БАР ҚАЗАҚТЫҢ ЖҮРЕГІНЕ

Амантай КӨКЕН,
жазушы

1937 жылдың 11-13-шілде аралығында Жазушылар одағының жабық партия жиналысы өтеді. Бұған Сәбит Мұқанов қатыспады, себебі шығармашылық іссапарда еді. Қазан айына дейін Мәскеуде болып, «Жұмбақ жалау» романын жазып жатқан. Соған қарамастан жиналыста баяндама жасаған Хамза Жүсіпбеков те, жиналыстың қаулысында да ол ұмытылмады, «қателері» жіпке тізілді: Іріп-шіріген либерализмге ұрынған, «халық жауларын» әшкерелеудің орнына қолтығына су бүркіп, антипартиялық қылықтарын бүркемелеуге әрекеттенген. Мұхтар Әуезовтың ұлтшыл шығармаларын («Қилы заман», «Қараш-Қараш оқиғасы») шығарып, мақтаған. Қаулының шешімі бойынша Сәбит Мұқановты дереу іссапардан шақыртып, оның тәртібін талқылау ұйғарылды.

1937 жылдың 16-қыркүйегінде «Казахстанская правда» газетінде «Выкорчевать национал-фашистскую мразь из Союза писателей Казахстана» деген редакциялық мақала жарық көрді. Мұнда Сәкен, Сәбит, Ғабит үшеуі сыналып, олардың әрқайсысына ауыр-ауыр сөздер айтылады. Мәселен, «Сәкен Сейфуллин – «халық жауы», осыны біле тұра Сәбит Мұқанов оны қолдайды, қоштайды». Мақалада Сәбеңе жабылатын үлкен пәленің бірі осы.

Өрмен қарай Сәбеңнің «қылмысы» нақтылана түседі. Ол буржуазиялық ұлтшылдықтың жаршысы, рупоры. Әйтпесе ұлтшылдықтың рухы аңқып тұрған «Бай баласын» («Адасқандарды») жаза ма? Контрреволюциялық ұлтшыл кітапқа («Тар жол, тайғақ кешу» – А. К.) редактор бола ма? Әуезовтың ұлтшыл сарындағы кітабын шығара ма? Неге Мұхтарды «үлкен шеберлік көрсетеді» деп мақтайды? Сонда, қалай дейсіз, Мұқанов жолдас, қазақ әдебиетіне ұлтшыл контрабанданың есігін айқара ашу қажеттігі туындайтындығын түсінбеген бе? Неге сонша еркінсиді? Себебі ЦК-да отырған Ғабит Мүсіреповке арқа сүйейді. Ол болса, мұны көрмеген, білмеген болады. «Казправда» сынының қысқаша мазмұны осындай. Осындай қиратқыш материалдар газет беттерінде көрінісімен-ақ, 24-қыркүйекте, Сәкен Сейфуллин абақтыға қамалды, содан бостандыққа шыққан жоқ.

Сәбит Мұқанов Жазушылар одағының төрағасы қызметінен қуылып, партия қатарынан шығарылды. Сонда оған қандай «кінә» тағылды? Олар мыналар: «Адасқандар», «Мырзабек», «Теміртас», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» сияқты ұлтшыл шығармалар жазған. «Халық жаулары» – Сейфуллинмен, Айсаринмен, Башахметовпен сыбайлас болған. Алашордашыл Мағжан Жұмабаевқа моральдық, материалдық көмек көрсеткен. Сәкен Сейфуллинді әшкерелеудің орнына, оны сынауға кедергі жасаған.

Заңғар жазушының сүйген жары Мәриям шешей былай дейді: «Әлі

есімде... 1937 жыл. Қазанның бесі. Жиналысқа кеткен Сәбит жоқ. «Сағат кешкі алтыда басталады» деп кеткен. Қараңғылық түсті, түн болды. Сәбит жоқ. Балалар аяқтарының ұшынан басып, әлдебір қорқынышты күтумен болдық. Түнгі төрт шамасында есік қағылды. Ашсам... Сәбит. Аппақ қудай, өң жоқ, түс жоқ. Қалшыып тұрған маған қарап: «Жүрегіме басқан жалғыз билетімнен айырылдым. Мен біттім, Мәриям!» – деді. Тәптіштеп мән-жайды сұрауға батылым бармады, екі көзге ерік бердім... («Менің Сәбитім». А., 1993).

Партбилеттен айырылғаның – сенімісіздікке ұшырағаның. Құрығаның. Бір тықыр таянды дей бер. Заман солай еді.

Мәриям шешеміз: «Сол түннен бастап «әне әкетеді, міне әкетеді» деп үреймен таңды атырып, кешті батырумен болдық. Көрші-қолаң, жора-жолдас іргелерін аулақ сала бастады. Кейбіреулері тіпті сәлемдесуге де жарамайтын болды. Сәбит билеттен айырылған күні жұмыстан да қуылған. Күн көріс қиындады. Төрт бала бар. Ботажан бесікте – алты айлық. Ақша жоқ, дені дұрыс тамақ ішуден қала бастады. Бір күні Сәбит мені шақырып алып: «Мәриям, сен енді есінді жи. Арқа сүйер ағайын-туысым жоқ. Балаларға ие бол. Қандай қиын күндер болсын, осыларды сақта. Мені ұзатпай әкететін шығар, киім-кешегімді әзірлеп қой. Аяқастынан келіп қалса, есің кетер. Қайратыңа мін, сенер адамымыз жоқ қой», – деді одан әрі (бұл да сонда).

Талай құқайды басынан өткерген батрақ баласы Сәбит Мұқанов ұлттық құндылықтар, қазақ халқының тағдыры, болашағы туралы сөз бола қалса сол үшін артынан таяқ жеймін-ау, деп қымсынып үрейленбеген, шегіншектемеген, қай деңгейде, қай ортада, кімнің алдында болсын әрқашан өз пікірін бұқпай-ақ тура айтудан ешқашан жалықпаған.

Айталық, белгілі қоғам қайраткері, жазушы Әди Шәриповтың «Көргенім,

көңілге түйгенім» деген еңбегінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы Журин газет-журналдардың бәрін орысша шығарып, одан қазақ тіліне аударсақ шығын азаяды деп білгішсінгенде Сәбит Мұқанов: «Қазақ тілі – біздің республикада мемлекеттік тіл болуға тиіс. Сіздің қазақ газет-журналдарды орыс тілінің аудармасы болуы керек деген ұсынысыңыз бүтіндей қате... Керек десеңіз барлық кеңселердегі қатынас қағаздар қазақ тілінде жүруі керек, сіз қайта осыған көмектесіңіз. Біздің тіліміз бен әдебиетіміз бай, тіл қорымыз қазіргі заманда дүниежүзі әдебиетін өз ана тіліне аударып, ана тілімізде оқуға әбден жетілді... Сондықтан, жолдас Журин, сіздің ұсынысыңызды қабылдауға болмайды», – деп партия басшысының бетін қайтарып тастаған көрінеді.

Газет бетінде жарық көрген тағы бір деректі еске алайықшы. Сәбит Мұқановтың өзін тыңдап көріңіз.

– Қазақ тілінің мүшкіл халі туралы мен 1956 жылы ҚКП Орталық Комитетінің бюросында ашына, қатты сөйледім. Осы мәжілісте үндемей отырған Ғабит Мүсірепов маған: «Сенің мына сөзіңе Америка қыруар доллар береді», – деп мені қағытты (ол кезде біз Америкамен араз едік). Мен де Ғабиттің сазайын бердім. «Бұл жабық бюродағы сөзді Америкаға сен жеткізбесең, ешкім де жеткізбейді», – деп. Бюродан шыққан соң «маған қатты айттың ғой», – деп Ғабің өкпеледі. Мен: «Сен ше, өзің осы қазақ тілінің арқасында жазушы болдың, саған керек емес тілдің енді ешкімге де қажеті жоқ» деп бұрылып кеттім, – дейді ол. («Қазақ әдебиеті», № 22, 2.06.2000).

Жазушының қолына оқу министрінің бірінші орынбасары А. Щербаковтың жасөспірімдерге интернационалдық тәрбие беру жөніндегі диссертациясының авторефераты кездейсоқ түседі. Интернационалдық тәрбиені күшейтуге орысша-қазақша аралас мектеп дұрыс, қазақ мек-

**РЕПРЕССИЯ НАУҚАНЫ
ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНА ОҢАЙ
ТИГЕН ЖОҚ: КӨБІ ҚЫРЫЛЫП-
ЖОЙЫЛЫП, БІРАЗЫ ИТЖЕК-
КЕНГЕ ЖІБЕРІЛІП, ТҮРМЕГЕ
ЖАБЫЛДЫ. АЛ ЕНДІ БІР ТОБЫ
СОТТАЛҒАН ЖОҚ. СОЛАРДЫҢ
БІРІ – СӘБИТ МҰҚАНОВ.
ОСЫҒАН ОРАЙ «ОЛАЙ ДА
БҰЛАЙ» ДЕГЕН ҚЫСЫР СӨЗ,
ӨСЕК-АЯҢ КӨП. БІРАҚ, БІЗДІҢ
БІЛУІМІЗШЕ, СӘБЕҢНІҢ БАР
«КІНӘСІ» – ТІРІ ҚАЛҒАНЫ.
ӘЙТПЕСЕ СОЛ ҚЫРҒЫН
КЕЗІНДЕ ОНЫҢ ДА КӨРГЕН
СОҚҚЫСЫ, БАСТАН ӨТКІЗГЕН
ҚИЯМЕТ-ҚАЙЫМЫ АЗ ЕМЕС.**

тептерінің қажеті шамалы деген сияқты құйтырқы ұсыныс айтылыпты мұнда. «Ғылыми еңбектің» өн бойынан шовинистік ой-өрімнің мұңкіп тұрғанын ол бірден сезіп, оған білек сыбана соққы береді.

Сәбең «біздің диссертант қатардағы ғалымдардың бірі емес, ол – Қазақстанның халыққа білім беру ісінде үкіметтік өкілдігі бар адам... Іс жүзінде байқағанымыз бұл министрлік соңғы уақытта жылдан-жылға қазақ мектептерінің санын қысқартумен отыр, әсіресе – бастауыштарды. Осы қате әрекетін диссертант енді теориялық жағынан негіздеме. Меніңше, халыққа білім беру органдары өз орнына сай емес шенеуніксымақтардың мұндай өрескел қадамдарына тыйым салатын кез жетті... Қазақ мектептерін жою жөнінде диссертант ашық жазбаса да, диссертацияның бүкіл жасырын мән-мазмұны сол, – деген қатаң байлам жасайды.

«Қазақ халқы Сәбит Мұқановты осынша неге қадірлейді? Оның творчестволық өсу жолы мен өмір жолының елеулі кезеңін неге ұлттық мереке етіп өткізеді? Бұған себеп көп. Соның ішіндегі ең бір басты себеп – Сәбит Мұқановтың өз халқына деген адалдығы екендігі даусыз», – деп жазады белгілі қаламгер Әбдіжәміл Нұрпейісов. («Егемен Қазақстан», 9.06.2000).

Шынында солай. Әйткені Сәбең халық мүддесі үшін қажет болса от пен суға түсе беретін. Әйтпесе, қылышынан қан тамған кеңестік кезеңнің өзінде Мәскеу жіберген бірінші хатшы мен орталық бекіткен үкімет басшысын жұрт көзінше түгін қалдырмай сынау неге керек еді? Тек жеке басының қамын ойлаған адам ондай қадамға барар ма?

Теміртау қаласында болған қанды оқиғаға байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVI пленумы 1959 жылдың 23-қазанында өткен. Сонда сөз сөйлеген Сәбит Мұқанов негізінен қазақтар тұратын алыс аудандардағы малшылардың

ЖОЛ ТАПҚАН

әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына үкімет тиісті жағдай жасамай отырғанын ескертіп, сын семсерін президиумда отырған Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Н. Беляев пен Министрлер Кеңесінің төрағасы Д. Қонаевқа бағыттайды. Сонымен бірге ана тіліміз туралы сөз қозғап, қазақ тілінде кеңсе істерін жүргізу жөніндегі қаулыны үкіметтің өзі орындамай отырғанына қынжылып, реніш білдіреді. «В 1957 году тов. Кунаев подписал распоряжение Совета Министров о применении казахского языка в делопроизводстве республики. Через несколько месяцев, в начале 1958 года, собрав в Алма-Ате республиканское совещание работников сельского хозяйства, зная, что добрая половина делегатов были чабаны, доклад сделал на русском языке. Таким образом, распоряжение, которое он подписал рукою, стер языком. А распоряжение до сих пор не выполняет никто, потому что они видят, что его, прежде всего, не выполняет сам Кунаев» (Т. Кәкішев, К. Ахмет. Сәбит Мұқанов. Астана, «Фолиант», 2009, 48-б.).

«Өтірік біткенді тап-таза шындық орнына өткізіп, әңгімелеу жағынан шебер ақпыз. Бірақ қажет болса, шындықты да айта аламыз!» – деп көне заманғы грек ойшылы Гесиод айтқандай, ақиқатты білгенге не жетсін. Олай болса, сондай бір әңгімені тыңдап көрейікші.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Әбділхамит Нарымбетов марқұм әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университетінде өткен конференцияға қатысып, 1964 жылы қазан айының соңында бір апта бойы Сәбит Мұқановпен кездесіп, оның әңгімелерін ешбір өзгертпей, қоспасыз өз аузынан шыққан қалпында жазып алғанын хабарлап, бір-екеуін оқып берді. Кейін Әбділхамит ағамыз сол жазбаларының біразын «Қазақ әдебиеті» газетіне (№ 22, 2.06.2000) басып шығарды. Академик-жазушы туралы өзгелер айтқан ой-өрімдер аз емес, бірақ Сәбеңнің өз пікірі әлдеқайда құнды ғой деп есептеген әдебиетшінің жазып алған бір әңгімесіне құлақ түрейікші. Сәбең не деген екен?

– 1957 жыл. «Қазақ ССР тарихы» дайындалып жатқан кез. Мен сол кітаптың редколлегия мүшесі едім. Бір күні Қазақстан Ғылым академиясының вице-президенті Сақтаған Бәйішев редколлегия мүшелерін кабинетіне жинап, Қазақ ССР тарихы жөнінде мәжіліс өткізді. Жиынға Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Ақай Нүсіпбеков, Сергей Николаевич Покровский, Әбді Тұрсынбаев т. б. қатысты. Даярланып жатқан тарих жөнінде жұрт пікір айтты. Әдебиетке байланысты мен де сөйледім. Менің айтқаным: «Қазақстан тарихында Сәкен Сейфуллин Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі деу қате. Олай деу үшін 20-жылдары Сәкеннің қатарында біреу тұру керек қой. Ол жылдардың әдебиетінде Сәкеннің қатарында тұруға тиіс ешкім жоқ.

1917 жылғы февраль революциясынан Октябрьге дейін Сәкен «Кел, жігіттерді» жазды. 1917-18-19 жылда-

«БІР ӨЗІ БІР БИБЛИОТЕКА КІТАП ЖАЗҒАН, БІР ӨЗІ БІР ЕЛДІҢ ДӘУІРІН ҚАМТУҒА ҚҰЛАШ ҰРҒАН, ӘР ДӘУІРДЕГІ ЕЛДІК-ЕРЛІК ТІРШІЛІГІН, ОЙ-ӨРІСІН, СЕЗІМ ТЕРЕҢДІГІН КӨРСЕТЕ АЛҒАН» (Ғ. МҮСІРЕПОВ) СӘБИТ МҰҚАНОВ НАҒЫЗ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ БОЛДЫ. БАСШЫ ДА, ҚОСШЫ ДА – БӘРІ, БӘРІ ОНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН СҮЙІП ОҚЫДЫ, ҚАЗАҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІНІҢ ІШІНДЕ СӘБИТТЕЙ ХАЛЫҚ ҰҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНГЕН ЖАЗАРМАНДАР КЕМДЕ-КЕМ.

ры Сәкен Ленинді, Октябрьді, партияны жалғыз жырлады. Сәкендей ақын Совет Одағында саусақпен санарлық, он шақты ғана, ал, Шығыста Сәкендей жазушы жоқ. Б. Ізтөлін өліп қалды. С. Торайғыров, С. Дөнентаев Алаш Ордаға қосылып кетті. Б. Майлин Алаш Ордада доброволец болып жүрді. І. Жансүгіров 1927 жылға дейін Совет өкіметін мойындаған жоқ. Мен жас болдым. Мұхтар Әуезов 1932 жылға дейін Совет өкіметіне қарсы. Менің бұл сөзімді бәрі мойындады. Мұхтар Әуезов сөйлеп: «Сәбиттікі дұрыс, бірақ барлық әдебиеттің основоположники – Горький, ал основоположниктің жеке әдебиетке керегі қанша», – деді.

Мен Әуезовке «1932 жылғы хатты Сізге қорқытып жаздырды ма, әлде өз еркіңізбен бе?» – деген сұрақ бердім. Ол қап-қара боп түтігіп: «Өз убеждением», – деді. Мен былай дедім: «1932 жылдан 1943 жылға дейін Мұхтардың судимостігі сақталып келді. 1943 жылы менің ходатайством бойынша Жоғарғы Советте қаралып, Мұхтардың судимостігі алынды. Мен өмір бойы Мұхтарды, оның «Абай» романын қатты бағалаған кісімін. «Мұхтар Әуезов – один из величайших художников» – деп жүрдім. Бірақ, Мұхтар Әуезов Қазақ совет әдебиетінің основоположники емес».

Менің сөзімнен кейін Мұхтар Әуезов қап-қара болып кетті. Қаныш Сәтбаевтың өңі құп-қу. Тек қана академик Сергей Николаевич Покровский айтты: «Сәбиттікі дұрыс, бірақ Мұхтар Әуезовты біз жержүзі әдебиетінің клас-сигі деп жүрміз ғой. Сәбиттің пікірін тарихқа жіберсек, буржуазиялық прес-саға жол береміз. Сәбе. Сіз настаивать етпесеңіз қайтеді. Қазақ ССР тарихына «Мұхтар Әуезов – крупный художник» – деп жіберейік», – деді. Мен: «Осылай боларын біліп келгенмін. Және мен де осыған дауыс беремін. Тек 50-100 жыл өткесін, кейінгі ұрпақ «Солардың бәрі двучичный екен, араларында дұрыс пікір айтатын, шындықты айтатын бір дұрыс кісі болмапты», –

демесін деп айттым» – дедім. Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев – бірі қап-қара боп түтігіп, бірі құп-қу болып үндемеді.

Сол жиналыстағы менің сөзіме Мұхтар Әуезов қатты өкпелеп, кейін менің 60 жылдық тойыма келмей қалды.

Сәбит Мұқанов көркем сөзге құмар, жазуға икемі бар жас таланттардың көзін ашып, шығармашылығына қамқорлық жасай білген. Кейбір нақты деректерге назар аударып көрейікші.

Ғабит Мүсіреповты Орынборға әкеліп, жарты жылдай Сәбит екеуі шағын темір төсекте бірге жатқан. Жазғанын түзеп, өңдеп алғашқы кітабын шығарған. Сотта іс тіркеуші боп жүрген Ғабиден Мұстафинді газетке алдырып, ол «Өмір мен өлім» романын алты ай Сәбеңнің тар пәтерінде жазған. «Шығанақ» романын жазуға себепші болған Сәбит Ақтөбе обкомының секретарына материал жинау үшін авторға толық жағдай жасауын сұрап, өтініш хат жолдаған.

Бұл күндері классиктер қатарына енген белгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов ақсақалдың өзі мойындап отырғандай («Егемен Қазақстан», 19. 01. 2010), оның әдебиетке бет бұруына ең алғаш әсер еткен кітаптар – «Жұмбақ жалау» романы мен «Балуан Шолақ» повесі болса, әу баста оқушы дәптеріне небәрі 12 бет жазып, «бұл менің «Қурляндия» романым» деп ұсынған шимай-шатпағына назар аударып, оны шын мәніндегі әдеби көркем шығарма деңгейіне жеткізуге бастан аяқ қамқоршы болған кісі – Сәбит Мұқанов болатын. 11 киелі қағаз босаттырып, Аралдағы райкомға звондап, тиісті жағдай жасаттырып, вокзалда қонып жүрген кешегі солдатты үйіне қондырып, өзі айтып отырып, өтініш жаздырып, қолына 3 мың сомды ұстатып, жазған-сызғандарының сауатты өңделуін бір жүйеге келтірткен де Сәбең еді. Бұған Әбекеңнің өз сөзі куә: «Шынымды айтсам, сол кезеңде өзімнің тарапымнан қозғау, сұрау, жалыну болмапты. Мен үшін күйіп-жанып, өзі ойланып, өзі кесіп-пішіп, бар істі тындырып жүрген Сәбең ағамыз екен. Мұндай жақсылықты өкемнен де көрген емеспін».

Қалмақан Әбдіқадыров: «Сәбит бауырына тартып, ақыл айтты. Содан былай шығармашылығым жөнде-ле бастады», ал Тайыр Жароков: «Ақындардың ішінде маған өте ыстық, өте жылы шырайлы қарағаны Сәбит Мұқанов» дейді. Қалижан Бекқожин: «Қаламгерлік жас қанатыма дем беруші Сәбит Мұқанов болды», – деп ағынан жарылады. Бауыржан Момышұлы: «Сәбең бойындағы бар дарыны мен жақсы қасиеттерін туған халқына, қоғамға сарқып беруде бәрімізге үлгі», – деген екен («Қазақ әдебиеті», № 9, 3.03.2000).

Асқар Тоқмағамбетовтың «Ленин суретіне» деген алғашқы өлеңін жария еткен. Сол газетті әкесіне көрсеткенде ол: «Сәбит көп жасасын. Көзімнің тірісінде бүкіл қазақ халқына таныстырды сені. Өлсем де арманым жоқ», – депті.

Осы тақырыпты қорытындылай келе аса көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлидің

Сәбең жайлы жазған «Иірімдегі» бір дерегіне үңіліп көрейік.

«Бірде Әбділдә ағамыз диссертация қорғайды дегенді естіп, академияға бардық. Соның алдында ақын Әбділдәнің «Өмір және поэзия» деген үлкен кітабы жарық көрген. Төрт-бес ай бұрын Сәбит Мұқановтың «Қазақ әдебиеті» газетінде ол туралы көлемді сын мақаласы жарияланған еді. Әбділдә сөйлеп болғаннан кейін мінбеге Сәбең шықты. Қасымда отырған жолдасым:

– Көр де тұр, қазір Сәбең сояды! – дедім сенімді түрде. Өйткені «Қазақ әдебиетіндегі» мақаласында Сәбең «бірінші, екінші, үшінші... оныншы» деп қойып, біраз кемсіктерін бадырайта-бадырайта айтқан-ды. Енді солардың бәрін түгелдей сызып тастап, жетістіктерін ғана айтып шықты. Аң-таң болдым. «Мұнысы несі» деп ойладым. Сөйтсем... Кейінірек естідім, Әбділдә Тәжібаевтың «Өмір және поэзиясы» Мұхтар Әуезовке ұнамайды. Диплом жұмысының деңгейінде деген сөзді айтып қалады. Оны естіген Әбекең жылап Сәбеңе барады. Барлық жағдайды түсіндіріп айтады. Ара түскенін қалайды.

– Ыңқ етпе, – дейді Сәбең. – Екінші оқып шыққаннан кейін маған ұнауы мүмкін ғой! Әсіресе, диссертацияның. – Сөйтіп Сәбең жылап келген Әбекеңе жаны ашып, бұрынғы пікірін жүз процент өзгертіп, оның сәтті қорғап шығуына септігін тигізеді. Бұл жолы мен Сәбит Мұқановты тағы бір басқа қырынан таныдым. Қанша білдім десең де, бір адамды, тіпті белгілі тұлғаның өзін білемін, жақсы білемін, жете білемін деуге болмайды екен. Әбділдә Тәжібаев диссертациясы кезінде мен білем-ау деп жүрген Сәбит Мұқанов мүлде басқа Сәбит Мұқанов болып шықты.

«Бір өзі бір библиотека кітап жазған, бір өзі бір елдің дәуірін қамтуға құлаш ұрған, әр дәуірдегі елдік-ерлік тіршілігін, ой-өрісін, сезім тереңдігін көрсете алған» (Ғ. Мүсірепов) Сәбит Мұқанов нағыз халық жазушысы болды. Басшы да, қосшы да – бәрі, бәрі оның шығармаларын сүйіп оқыды, қазақ қаламгерлерінің ішінде Сәбиттей халық ықыласына бөленген жазармандар кемде-кем.

«Жол таптым бар қазақтың жүрегіне, Осы да жетті деген тілегіне», – деп өзі жазғандай, Сәбең шын мәнінде қазақ халқының абырой-беделіне бөленді.

Бір ұрпақ емес, бірнеше буын Сәбит шығармаларынан сусындап өсті. Біздің әке-шешелеріміз «Сұлушаш», «Ада-қандар», «Ботағөз» кітаптарын қолдан қолға түсірмей қалай оқығанының шет жағасын көрдік. Бұл күнде жетпістің қырқасына шығып, самайын қырау шалған біздің ұрпақ та Сәбеңнің өшпес еңбектерімен ауызданды.

Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, әдебиетіміздің классигі, асқан дарын иесі, әйгілі ғұлама ғалым, академик-жазушы Сәбит Мұқанов өз халқымен бірге мәңгі жасай береді.

► ДІНДІ – ДӘРІПТЕ, ДӘСТҮРІНДІ – ҰМЫТПА!

ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ҰЯСЫ – ОТБАСЫ

Отбасы – адамның дүниеге келген сәтінен бастап тұлға болып қалыптасуына әсер ететін ең алғашқы әрі ең маңызды әлеуметтік орта. «Отан отбасынан басталады» деген халық даналығы тегін айтылмаған. Себебі адамгершілік қасиеттер, ізгілік пен мейірім, жауапкершілік пен еңбекқорлық сынды өмірлік құндылықтардың іргетасы дәл осы отбасында қаланады.

Ата-ана – баланың ең алғашқы ұстазы. Олар өз баласына тек сөзбен емес, іс-әрекетімен де үлгі бола білуі тиіс. Себебі бала ересектердің айтқанына қарағанда, жасағанын көбірек қабылдайды. Сондықтан отбасыдағы тәрбие – ұрпақ болашағының кепілі.

Қазіргі заманның күрделі өзгерістері, ақпараттың көптігі мен әлеуметтік желілердің ықпалы бала тәрбиесінде отбасының рөлін бұрынғыдан да күшейте түсті. Технология дамыған сайын, отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы, рухани байланысы әлсіреуге бейім. Осындай кезеңде ата-ана баласымен жиі сөйлесіп, ішкі жан дүниесіне үңіліп, оны тыңдай білуі аса маңызды.

Сонымен қатар отбасы – ұлттық тәрбие мен дәстүрдің де бастауы. Қазақ халқы әрдайым үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуды, тектілік пен тәрбиелілікті жоғары қойған. Бұл қағидалар ұрпақтан ұрпаққа отбасылық дәстүр арқылы беріліп келген.

Мектеп пен қоғам да тәрбиелеу ісіне өз үлесін қоса алады, бірақ отбасының орны ерекше. Егер бала отбасында мейірімділік, түсіністік, құрмет пен сүйіспеншілікке бөленсе, ол қоғамда да сол құндылықтарды насихаттай-



тын, адамгершілігі мол азамат болып қалыптасады.

Отбасы – тәрбие баспалдағының алғашқы сатысы. Сондықтан әрбір ата-ана өз перзентінің болашағына немқұрайлы қарамай, саналы, тәрбиелі, ұлтжанды ұрпақ өсіруде үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Шынайы махаббат пен жылулыққа толы отбасы – бақытты қоғамның негізі.

Мүбүгүлсім ПАЗЫЛҚЫЗЫ,
Ақпараттық түсіндіру
тобының мүшесі,
Ұлытау облысы бойынша дін
саласындағы сарапшы Пулы.

ИНТЕРНЕТТЕН ДІНИ БІЛІМ АЛУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ

Бүгінгі цифрлық дәуірде ақпаратқа қол жеткізу бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Кез келген адам қалаған мәліметін бірнеше секундта интернеттен таба алады. Алайда бұл еркіндік кейде теріс салдарға әкелуі мүмкін. Әсіресе діни білім алуда интернетке толықтай арқа сүйеу — аса қауіпті үрдіске айналып отыр.

Соңғы жылдары көптеген жастар дінді тануды мешіт пен медресе секілді дәстүрлі орталардан емес, интернеттегі беймәлім тұлғалардың видеолары мен мақалалары арқылы бастауда. Бұл өз кезегінде радикалды көзқарастардың таралуына, жалған шейхтардың арбауына түсуге, тіпті деструктивті діни ағымдарға бет бұруға әкеліп соғуда.

Интернетте діни ақпараттың сапасын ешкім бақылап отырған жоқ. Кез келген адам өзін «діни маман» деп таныстырып, түрлі уағыздар жариялай береді. Бірақ олардың діни білімі, ақидасы, бағыты, қандай мектепке немесе мазһабқа сүйенетіні белгісіз. Осындай сенімсіз дереккөздер жастардың ой-санасын улап, дәстүрлі исламнан алыстатады.

Діни сауаттылық – өте нәзік әрі күрделі мәселе. Бұл салада дұрыс білім алу үшін арнайы медреселерде, ресми оқу орындарында, білікті дінтанушы мамандардың, имамдардың көмегімен оқыған жөн. Қазақстан – ханафи мазһабын ұстанатын ел. Сондықтан діни білім де осы жолмен берілуі керек. Ал интернеттегі белгісіз ағымдардың материалдары көп жағдайда біздің ұлттық-рухани құндылықтарымызға, дәстүрімізге

қайшы келеді.

Тағы бір маңызды мәселе – интернеттегі манипуляция мен жалған ақпарат. Жасөспірімдер мен діни білімі таяз адамдар «жиһад», «дін үшін күрес», «кәпір», «харам» секілді ұғымдарды дұрыс түсінбей, радикалдардың арбауына тез ілігеді. Мұндай жағдайлар елімізде де орын алып жатыр. Сирия мен Ирактағы қақтығыс аймақтарына кетіп қалған кейбір азаматтар дәл осы интернеттегі діни үгіт-насихаттың құрбаны болғаны белгілі.

Интернет — ақпарат көзі ғана. Ол діни білімнің негізі бола алмайды. Сондықтан діни сауат ашуды тек сенімді, ресми жолмен жүргізу қажет. Жастарға діни тәрбие беруде ата-аналар мен ұстаздар, мешіт қызметкерлері белсенді болуы тиіс. Білімді имамдар мен дінтанушылардың жетекшілігімен ғана дінге дұрыс көзқарас қалыптасады. Жалған діни ағымдардың шырмауына түсіп қалмас үшін, әр азамат ақпараттың қайдан келгенін саралай білгені абзал.

Мәдина ЖҰМАБЕКОВА,
Ақпараттық түсіндіру
тобының мүшесі.

ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ТАРИХЫ, МӘНІ ЖӘНЕ ОРЫН АЛУ СЕБЕПТЕРІ

Қазіргі әлемде қауіп төндіріп отырған басты қатерлердің бірі — экстремизм. Бұл ұғым соңғы жылдары жиі айтылып жүрсе де, оның мәнін, пайда болу себептерін және тарихын терең түсіну — қоғамның тұрақтылығы үшін өте маңызды. Экстремизм — тек діни немесе саяси салада ғана емес, әлеуметтік, ұлттық, тіпті мәдени кеңістікте де байқалатын қауіпті құбылыс.

Экстремизм ұғымының мәні

«Экстремизм» сөзі латын тілінен шыққан, «extrēmus» — «шеткі», «шамадан тыс» деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл қалыпты шектен шығу, қоғамға, мемлекетке немесе жеке адамдарға қарсы бағытталған радикалды әрекеттерді білдіреді. Экстремизм көбінесе зорлық-зомбылықпен, агрессиямен, төзімсіздікпен қатар жүреді.

Экстремизмнің бірнеше түрі бар:

- Саяси экстремизм — билікке қарсы радикалды әрекеттерге бару;
- Діни экстремизм — дінді желеу етіп, басқа сенім өкілдерін жоққа шығару;
- Ұлтаралық немесе этникалық экстремизм — өз ұлтын басқалардан артық қою, ұлттық өшпенділік тудыру.

Экстремизм тарихи тұрғыда әртүрлі кезеңдерде байқалған. Орта ғасырларда да, жаңа дәуірде де дін мен саясатты

шектен тыс қолдану арқылы зорлық-зомбылыққа барған топтар болды. Мысалы, Еуропадағы инквизиция, крест жорықтары, Азиядағы түрлі діни секталар — радикализмнің алғашқы көріністері.

XX ғасырда фашизм, нацизм, коммунизм секілді тоталитарлық идеологиялар да экстремизмнің саяси түріне жатады. Ал XXI ғасырда діни-радикалды топтардың күшеюі, халықаралық терроризм мен джихад идеясының таралуы экстремизмді жаһандық проблемаға айналдырды.

Экстремизмнің орын алу себептері

Экстремизмнің кеңінен таралуының бірнеше себептері бар:

1. Білім мен діни сауаттың жетіспеуі — әсіресе жастар арасында. Тар ауқымды діни түсініктер, жалған уағыздар адам санасын оңай бұзады.



2. Әлеуметтік теңсіздік — жұмыссыздық, кедейлік, әділетсіздік сезімі радикал көзқарастардың пайда болуына түрткі болады.

3. Саяси және идеологиялық ықпал — кейбір ұйымдар мен топтар өз мүдделері үшін адамдарды экстремистік идеяларға итермелейді.

4. Интернет пен әлеуметтік желілер — радикалды идеологияны таратуда тиімді құралға айналған.

5. Мемлекеттік бақылаудың әлсіздігі — кей елдерде экстремизммен күрес саясаты жүйелі түрде жүргізілмейді.

Экстремизм — қоғамға төнген үлкен қауіп. Ол ұлттық бірлікті бұзып, ел ішіндегі тұрақтылықты шайқалтады. Сондықтан әрбір азамат, әсіресе жастар, діни және саяси ақпаратты сыни көзбен қарап, тек ресми, сенімді дереккөздерге сүйенуі тиіс. Мемлекет пен қоғам бірігіп, білім беру, діни сауаттылықты арттыру және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету арқылы экстремизмге қарсы тиімді күрес жүргізе алады.


Манат АЙТБАЕВ,
Ақпараттық түсіндіру
тобының мүшесі.



ОВЕН. Вы чувствуете, что время действия снова пришло. Словно раскалённый металл, вы готовы принимать форму — но не терпите давления. Вам нужно пространство, где можно проявиться. Отличная неделя для творчества, флирта, новых проектов, особенно если они связаны с детьми, сценой или играми.




ТЕЛЕЦ. Ваш дом — ваша крепость. Неделя повернёт ваше внимание внутрь: в дом, в семью, в истоки. Вас потянет на уют, порядок, может быть даже — ностальгию. Хорошее время, чтобы заварить чай, разобрать старые письма, пересмотреть приоритеты. Финансово — лучше сдержанность.



БЛИЗНЕЦЫ. Эта неделя — ваше время слов. Ваш язык — как кисть художника: вы рисуете идеи, образы, связи. Но главное — говорить честно. Особенно в середине недели, когда может всплыть старый конфликт или недосказанность. Хорошее время для учёбы, поездок, подписания документов, обучения.



РАК. Солнце уходит из вашего знака, оставляя после себя ощущение глубины. Вы словно прошли сквозь себя и теперь смотрите на мир изнутри наружу. Пора подумать: что вы стоите? Деньги, самооценка, уверенность — всё будет крутиться вокруг этого. Если кто-то рядом вас занижает — уходите.



ЛЕВ. Ваш выход. Солнце возвращается домой — в ваш знак. А значит, начинается ваш личный Новый год. Неделя словно специально создана для смелых жестов, ярких поступков, тёплых признаний и громких фраз. Главное — не забыть, что вы не только король сцены, но и человек. Сердце требует искренности.




ДЕВА. Неделя — как приглушённый свет: многое происходит внутри, за кулисами. Ваша сила сейчас — в тишине. Хорошее время, чтобы подвести итоги, закрыть старое, простить, отпустить. Может захотеться одиночества — и это нормально. Это переходная неделя, на которой лучше не торопиться. Покой сейчас продуктивнее, чем гиперактивность.




ВЕСЫ. Ваша неделя похожа на лёгкий праздник, который начинается без приглашения. Вдруг появляются люди, идеи, предложения. Всё как бы случайно — но всё кстати. Особенно благоприятны коллективные дела, творчество, реклама, соцсети, вечеринки, благотворительность.



СКОРПИОН. Это неделя авторитетов. Или вы сами становитесь таковым, или встречаете тех, кто будет играть эту роль. На работе — ясность, на людях — признание, внутри — вызов. Нужно удержать баланс между контролем и доверием. Вам не нужно держать всё. Позвольте кому-то помочь.



СТРЕЛЕЦ. Горизонт манит. Внутри — тяга к новому, к дороге, к знаниям. Вы чувствуете, как за спиной вырастают крылья. Отличное время для путешествий, планирования, философии, духовных практик, смены взглядов. Особенно если последние месяцы вы чувствовали себя в клетке. Сейчас клетка открыта. А в любви — лёгкость, флирт, и, возможно, недоразумение с хорошим концом.



КОЗЕРОГ. Вас тянет вглубь. Не на сцену — в подвал. Туда, где всё настоящее: страхи, желания, деньги, власть, близость. Это неделя, когда многое станет понятнее. Может открыться тайна, придёт нужная информация, появится мощный инсайт. Главное — не прятать голову в песок. Всё, что происходит сейчас — на пользу.



ВОДОЛЕЙ. Тема партнёрства выходит на первый план. Кто с вами — тот и вы. А кто нет — отпустите. Эта неделя как зеркало: оно покажет, где вы притворяетесь, а где искренни. Отличное время для откровенных разговоров, новых союзов, переговоров. И особенно — для романтических жестов. Не забудьте: вас любят не за концепции, а за душу.



РЫБЫ. Ваше внимание переключается на тело, быт, рутину. Но не как скуку, а как ритуал. Сделать утро красивым, уборку — медитацией, ужин — волшебным. Это неделя маленьких дел, которые станут мостиком к большим переменам. Возможны изменения в работе или здоровье — не пугающие, а выравнивающие. Прислушайтесь к организму.

СКАНВОРД

	Полу-фабрикат справки		Понтий Пилат		Взрослое насекомое	Дама из высших кругов	"Паштет" из кабачков		
	Переправа, когда нет моста		"Пере-пев" старого кино						
						Спидометр на корабле	Обращение с кнопкой		
	Реакция на агрессию		Легковушка от ВАЗа						
Всевидающее ...		Горная выработка	Зона "путешествия" слухов				С серёжками, но не де-вушка		Плохо летающий журавль
			Его де-лят в реакторе	Венгерский автобус	"Цинов-ка" из камыша				
Кусачая трава						Период мезозоя	Герой трагедии У. Шекспира		
"Мигра-ция" кадров					Бастилия				
Благо-датный край		Искусный говорун					Высокая долж-ность	"Газ" из аквари-ума	
			Компо-зитор ... Кутуньо	Морской моллюск					
Градом течёт в сауне		"Счёт-чик" на стадионе	Музыка с востор-гом			Айдахо, Огайо	Вездесу-щий сорняк	Украше-ние потолка	Войлоч-ные "сапожки"
			Не лезет в карман за шу-ткой						
Корка на снегу				Помощ-ник аббата	Снесён-ная в Берлине				
"Сердце" Норвегии	С миру по нитке		Крупная поставка		Деталь лимонки	Юморист ... Шиф-рин	Аскет из лавры		
			"Реверс" топора	Работа с текстом					
Спортив-ные сани			Старин-ная "И"			Родом из Суоми			
Грецкий плод	Фиксиру-ет звуки			Боевая часть кортика					
			"Кушает" железо			Партиза-ны из Бургун-дии			

Анекдоты, анекдоты...



Разгар воинских учений. Ситуации проигрываются в штабе на компьютере. Ставится задача, вводятся исходные данные. Решающий вопрос генерала:

— Наступать или отступить?

Компьютер подумал полчаса и ответил:

— Да.

— Что «да»? — возмутился генерал. — Ты же военный компьютер!

Компьютер подумал еще и ответил:

— Так точно!

Молодой солдат сдает экзамены в учебке. Учился на повара. Прапорщик из экзаменационной комиссии задает последний вопрос на засыпку.

— Сколько котлет можно изготовить из килограмма мяса?

Солдат:

— В ресторане — 15. В районной столовой — 30. В солдатской столовой — 59.

— А почему 59, а не 60?

— Так это уже будут булочки, товарищ прапорщик!

— Папа, ведь в советской армии была толерантность?

— Кто тебе такую чушь ляпнул?!

— Ну, ты же сам говорил, что вместе с тобой служили два хохла, татарин, бурят, грузин и латыш. И, типа, все зашибись было.

— Запомни раз и навсегда. Толерантность — это фальшь, либерализм и гомосеки. А у нас в советской армии была дружба народов.

В одну деревушку пришел из армии солдат. Все, естественно, облепили его и давай вопросами закидывать, что там, как там...

Послушал солдат и говорит:

— Армия — это дебилизм!

Жители:

— Это почему же?

Солдат:

— Завтра утром узнаете.

Утро, четыре часа. Петухи еще спят. Вдруг колокольня как зазвенит! Вся деревня сбежалась. Стоят все сонные, в трусах, ругаются.

Выходит солдат и говорит:

— Значит, так. Мы с батей идем за дровами, остальным — разойтись!

ҰЛЫТАУДАҒЫ ТОҒЫЗ КӘСІПОРЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨРМЕГЕ ҚАТЫСАДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Көрме байқау – отандық тауар өндірушілердің жетістіктерін көрсетіп, жергілікті кәсіпкерлікті қолдау мақсатында маңызды алаң болды.

Көрмеге 70-ке жуық ұлытаулық кәсіпкер қатысты. Олар өнеркәсіп, азық-түлік өнімдері, былғары, киіз, күміс бұйымдары, ұлттық киімдер мен халық тұтынатын тауарлар секілді түрлі өнімдерін ұсынды.

«Бір ауыл – бір өнім» мемлекеттік бағдарламасы аясында жергілікті шаруа қожалықтары өз өнімдерін әкелді. Бұл бастама ауылдық аумақтардың әлеуетін арттыруға бағытталған.

Облыс тұрғындары мен қонақтары өңірлік отандық өндірушілердің өнімдерімен танысып қоймай, өздеріне ұнаған тауарларды сатып алды.

Көрме қатысушыларға өз өнімдерін көпшілікке таныстырып қоймай, тәжірибе алмасуға, іскерлік байланыс орнатуға және бизнесті дамыту бойынша өзекті мәселені талқылауға мүмкіндік берді.

Нәтижесінде тоғыз кәсіпорын үздік деп танылды. Атап айтқанда: «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» аталымын-

да «Kazakhmys Maintenance Services» ЖШС, «Казтехфильтр» ЖШС, Жезтемір Бетон-2 ЖШС; «Халық үшін үздік тауарлар» аталымында «Алтаева А.Р.» ЖК, TAZA ALEM BEREKE мүгедектер ұйымы ҚБ, Байтасов ЖК; «Үздік азық-түлік тауарлары» аталымында «ULY DALA CO» ЖШС, Сәтбаев қаласындағы минералды және жеміс сулары зауыты ЖШС, БЕК «Хан тағамы» ЖК.

Аталған кәсіпорындар бағалы сыйлықтармен марапатталып, республикалық байқауға жолдама алды. Аймақтық кезең жеңімпаздары Ұлытау облысының атынан республикалық көрмеге қатысып, Астана қаласында өңір намысын қорғайды.

Ұлытау облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Гүлмира Қаженова: «Қазақстанның үздік тауары», «Алтын сапа», «Бір ауыл – бір өнім» байқаулары — жергілікті бизнес үшін өз жетістіктерін көрсетуге, жаңа серіктестер табуға, өткізу нарығын кеңейтіп, тұтынушылар ауқымын ұлғайтуға үлкен мүмкіндік» - дейді.

Жұлдыз ТОЙБЕК,
«Egemen Qazaqstan»,
14 шілде, 2025 жыл.



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1109

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.